

**Такырыбы: Огюст Конт әлеуметтану терминінің  
негізін салушысы.**

**Орындаган: Қалиева Роза  
Группа: ТЭ-17**



Исидор Мари Огюст Франсуа  
Ксаве Конт (фр. *Isidore Marie  
Auguste François Xavier*

*Comte*; 19 қаңтар 1798 — 5  
қыркүйек 1857) — француз

философы, әлеуметтанушысы,  
философиядағы позитивизм  
мектебінің негізін қалаушы. Ол  
«әлеуметтану» терминің ғылыми  
қолданысқа алғаш рет еңгізген.  
Әлеуметтану басқа да ғылымдар  
сияқты бақыланатын әлеуметтік  
құбылыстарды зерттеумен  
айналысады

- "Әлеуметтану" сөзін тұңғыш рет Огюст Конт өзінің "Позитивтік философия курсында" позитивті философияның бір бөлігін құрайтын ауқымды әлеуметтік ғылымның атауы ретінде пайдаланды. Конт бірінші болып осы ғылым элементтерін көлденең материалдар, идеялар мен әдістер атаулыдан тазарту қажеттігін айқын көре біліп, бірінші болып барлық шынында да қажетті элементтерді бір ұғымға біріктірді.

---

**Конттың философиялық  
эволюциясы кезеңдерін,  
адамзат бірлігі туралы тезисті  
түсіндіретін және ақтайтын,  
дәлелдеулердің үш тәсілі  
ретінде көрсетуге болады. Бұл  
кезеңдер Конттың үш негізгі  
еңбектерімен белгіленген.**

Бірінші, яғни теологиялық сатыда адам қандайда бір құбылыс, процесс, зат болмасын, оларды діни тұрғыдан түсіндіруге тырысты, оларға табиғат пен өмірге байланысты жоқ ғажайып, абстрактілі ұғымдарды қолданды.

Екінші, яғни метафизикалық сатыда адам табиғаттан, өмірден тыс абстрактілі ұғымдардан бас тартты, ендігі жерде құбылыстарды, процесс, олардың мәні мен себебін философиялық абстракциялы ұғымдардың негізінде түсіндіруге тырысты. Бұл кезеңнің басты қызметі – ол қандай да бір затты, құбылысты, процесті алмайық, оларды сын тұрғысынан өткізіп қарауды қажет етеді. Сөйтіп екінші кезең адамның интеллектуалды дамуының ғылыми түрін, яғни позитивизмді дайындайды.

---

Ал, үшінші, яғни позитивистік кезеңде адам құбылыс, процестердің, заттардың абстрактылы мәндері мен мазмұндарынан, себептерінен бастартады. Ол тек қана құбылыстарды бақылап, олардың арасындағы тұрақты байланыс пен қатынастарды белгілеп отырады.

О.Конттың пікірінше, ғылым позитивтік сипатта болуы керек, ол үшін нақты фактілерді оқып, үйрену керек. Нақтылы фактілер – бұл әлеуметтік құбылыстар мен процестер.

